Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8**», посвященной 55-летию университета. – 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б. 46

АҚПАРАТТЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Наушабекова Н.

Қазіргі заманда білім берудің, оны дамытудың көкейкесті мәселелерін шешу нақты, ғылыми-теориялық және практикалық бағыттағы реформаны қамтамасыз ететін, кәсіптік білім беру жүйесін прогрессивтік және динамикалық бірлікте тұтас, интегративті дамытуды жобалау мен жасақтауды, ерекше оқу тәрбие процесінің жоғары тиімділіктегі педагогикалық, ақпараттық технологияның пайда болуын талап ететін дидактикалық ғылымға тікелей тәуелді.

Ақпараттандырудың негізгі бағыты XXI ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғарғы тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Осыған байланысты ғылыми жұмысымның мақсаты студенттердің жаңа ақпараттық технологиялар мәдениетін қалыптастыру және оны жүзеге асырудың жаңа әдіс–тәсілдерін айқындау.

Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастырудың мынадай артықшылықтарын атап өтуге болады:

- әрбір адамның өздігінен білім алуының меншікті траекториясын қамтамасыз ететін білім берудің ашық жүйесін құрайды;
- ақпаратпен жұмыс істей алу білігін қалыптастырады және қатынас жасау қабілетін дамытады;
- таным процесін ұйымдастыруды оны жүйелі ойлау жағына жылжыту жолымен түбейгелі өзгертеді;
- оқу процесінде студенттердің танымдық іс-әрекетін қолайлы ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады;
- жаңа таным құралдарын пайдалануға және ұйымдастыруға жағдай жасайды;
- білім беруді ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етеді.

Егер жоғары білім беретін оқу орындарында кәсіби даярлық үрдісінде болашақ мұғалімдер оқытудың жаңа ақпараттық технология туралы теориялық біліммен қаруланып, тікелей іс-әрекетінде оларды пайдалану жолдарын, қолдану әдістемесін меңгерсе және дайындық сапасын қалыптастыруға әсер ететін кешенді шараларға тартылса, онда студенттердің болашақ кәсіби қызметінде оқытудың жаңа ақпараттық технологияларды тиімді қолдану іскерлігі мен дағдылары қалыптасады.